



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

**УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ  
ЖАҒДАЙЫ (АҚПАН-ҚАРАША 1917 Ж.)**

**Сақтаған Айсауле Серикқызы**

aisaule\_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сайлаубай Е.Е.

Қазақстанда жиырмасыншы ғасырдың басында өрбіген ұлт-азаттық қозғалыс аясындағы іс-шаралар Уақытша үкімет тұсында күн тәртібіне қойылды. Уақытша Үкімет тұсындағы алғаш рет ұлттық аймақтарға жете көңіл бөлінуі ұлт зиялылары тарапынан тиісті қадамдар жасауға негіз болды. Ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлері Қазақстандағы ұлттық-демократиялық санаттағы қадамдары қазақ оқығандарын Уақытша Үкімет құрамына енгізу және қазақ комитеттерін құрумен ерекшеленеді. Сонымен қатар, бүкіл өлке бойынша қазақ сиездерін өткізу мәселесі де жүзеге асырылды. Қазақстан халықтарының жалпыхалықтық қозғалыстарының бағыт-бағдарлары да осы кезеңде айқындалды. Сондықтан да ұлт тарихында орын алатын тақырыпты бүгінгі күн тұрғысынан қайыра зерделеу және жаңа көзқарастар контекстінде тарихи талдау жасауды өзекті деп санаймыз.

Уақытша Үкімет тұсындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси жағдайының өрбу тарихы отандық тарихнамада қарастырылып жатқан тарихи мәселе. Кеңестік дәуірде идеологиялық тұрғыда тұқыртылып қарастырылған тақырып. Қазіргі қазақстандық ғылыми ортада дербес сипаттағы ғылыми зерттеулердің аздығы белгілі. Өткен ғасырдың 90-жылдарының орта тұсынан бастап тақырыптық сипаттағы жекелеген зерттеулер жарық көрген. Қос төңкеріс аралығындағы Қазақстан тарихына қатысты шыққан шетелдік және отандық тарихи еңбектерде біршама қамтылғаны бар. Сондықтан тақырыптың жаңа көзқарастар тұрғысынан зерттелу мәселесі жаңа ізденістерге негіз болады деп санаймыз.

Уақытша Үкімет тұсындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси жағдайының өрбу тарихын зерделеу арқылы өлкеде орын алған қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани өрістердегі земствоның рөлін, қос төңкеріс аралығындағы қазақ зиялыларының тарихи қызметін жан-жақты ашып көрсету болып табылады. 1917 жылдың наурыз айынан желтоқсан айына созылған тарихи кезеңді тың деректер, жаңа пайымдаулар мен тұжырымдар тұрғысынан қайта зерделеу арқылы мәселенің отандық тарихтағы орнын ғылыми санатта анықтауға ұмтылыс жасау.

Уақытша үкімет пен оның жергілікті жерлердегі билік орындары құрылып, олар өздерінің басты мақсаты елді Бүкілресейлік Құрылтайға дейін жеткізу болатындығын мәлімдеді. Сонымен қатар Ресейдегі үкімет билігінің бір тұтқасын иеленуге тырысқан Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі де Бүкілхалықтық Құрылтай жиналысын тезірек шақыруды қолдап, өлке халықтарын өзара келісім мен ынтымақтастықты сақтауға шақырды. Негізінен алғанда қазақ өлкесіндегі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына әзірлік 1917 жылдың сәуір-мамыр айларынан бастап жүре бастады. Қазақ өлкесінде Уақытша үкіметтің Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлауы істері жөніндегі ережесінен кейін алты округтік комиссия құрылды. Олар Жетісу, құрамына Астрахань губерниясына қоныс тепкен көшпелі Ішкі Орда қазақтары енетін Орда, Орал (Закаспий облысы, Маңғышлақ уезін қоса, бірақ түрікмендер қоныстанған болыстар аталмыш уездің құрамына кірмейді), Торғай, құрамына Ақмола және Семей облыстары енетін Дала, Сырдария (Амудария бөлімі тыс қалады) округтік комиссиялары еді. Сайлаудың әділ түрде өтуіне өлкедегі барлық қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар мүдделі болды. Сондықтан олардың өкілдері сайлау комиссияларының

құрамына енгізілді. Сайлау алты округтің бесеуінде пропорционалды, ал Орда округінде мажоритарлы жүйе бойынша жүргізілді. Сайлаушылардыңтізімін жасау болыстық, уездік және қалалық жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жүктелді.

1917 жылда орын алған ақпан төңкерісінің жеңісінен кейін, Ресейдің құрамындағы отарлық елдердің дербестікке, саяси еркіндікке ұмытылып жатқан шағында қазақ ұлт зиялыларының басты жұмыстарының бірі, шешімге жетпеген мәселелерді жалпы ұлттық деңгейге көтеру, елдегі саяси оқиғаларға және Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына даярлықты көздеді.

Негізінен осы жұмыстарды жүргізу үшін "халықтың көзі мен құлағы һәм тілі" болған газеттер арқылы үгіт-насихат арқылы жүзеге асырылды. Осы мәселеге орай "Қазақ" газетінің 226 санында : "...газеттерге көз салсақ, әр топ өзінің жұртшылығына керегі не екенін кеңесіп, бетін белгілеп алып, көздеген мақсатқа жетуге ұйымдасып, бірлесіп іс қылу ыждиңатында жатыр. Біздің қазақ та басқа жұрттардың қатарынан қалмаймын десе, басқаларша өз ісін өзі істеуі керек. Қазақтың алды бас қосып, ақылдасып, басқалары бас қосып кеңесейін деп жатырғаны" жарияланды [1, 131].

Жалпы айтқанда қазақ зиялылары ақпан төңкерісіне дейінгі уақыт аралығында болса, ендігі кезекте тарихи оқиғалар желісінен кейін аралықта съезді шақыру қажеттігі туғандықтан, басым көпшілік интеллигенция күш біріктірген еді. Бұл дегеніміз зиялы қауымның асқан данышпалдығының, ой-өрісінің кеңдігінің белгісі. Оны біз "Қазақ" газетіндегі ұлттық-саяси мәселелердің жазылуы атты қолжазбадан: "ғасыр басындағы қазақ даласының көкейтесті де, күрделі мәселелерінің тұңғыш рет пердесі түріліп, жұртқа баян болуынан қол жеткізді. Ол өз кезегінде қазақ қоғамын қалың ұйқысынан оятып, ұлттық сананың бой түзуіне аз әсер етпегені даусыз" деп көрсетілген мәлімет желісінен байқауға болады.

Қазақ зиялы қауымы орын алған саяси жағдайды Құрылтай жиналысын өткізбестен бұрын бос уақытты жібермеу қажетігін мәлім. Сондықтан қолдан келерлік барлық іс-шараларды мәйлінше тезірек жүргізуге тырысты. Мәселен, 1917 жылғы наурыз айының 9-шы жұлдызында "Қазақ" газеті арқылы сол кездегі "уақыттың тығыздығы мен жол қатынасының ауырлығына байланысты қазақ съезін жеделдете шақырып, бүкіл қазақтың басын біріктіру мүмкіндігінің жоқтығын мәлімдеді." Сонымен қатар тағы да осы газеттің көмегін пайдалана отырып, былай деп келтірілді: "соңғы телеграмма хабарында Учредительное собраниенің жиылуына 3 ай срок кесілген көрінеді. Бұл срок біздің қазақ облыстары сияқты темір жолы жоқ, жүріп-тұруы ауыр жерлерге көп срок емес. Оқиғалар бірінен-бірі туып, бірін-бірі қуып, зымырап бара жатқан бұл бір шақ. Мұндай шақта асықпаған асқақ қойша артта қалып қоймақ. Біздің қазақ Россияда қазіргі болған зор оқиғалар һәм өзгерістердің мақсат һәм мағынасына түсініп жетпеген соң, Учредительное собраниеге лайықты адамдар жіберер деуге болмайды. Сондықтан әуелі, қазіргі болған өзгерістердің мән-мағынасын түсіну үшін, екінші Учредительное собраниеге лайықты адамдар жіберудің мәнісіне түсініп өану үшін қазақ сиез жасау керектігін" айтты[2].

Бюро сиездің күн тәртібіне мына төмендегі мәселелерді қарауды ұсынды. Оның біріншісі, жер мәселесі. Мұның Құрылтай жиналысында қалай шешілері белгісіз. Егер қазақ мемлекеттік автономия болса, жер-суының билігі өзінде болып, жер мәселесін өздері шешеді. Ал, мемлекеттік автономия бола алмаса, жер мәселесін шешу керектігі туындады. Жер жалпы мемлекеттің мүлкі болса, қазақ қай түрімен болса да тиісті үлесін алуы қажет. Мұны әр облыс, әр уезд жер түріне қарай шамалап, тиісті дәлелдермен сипаттауы керек. Жалпы қазақ сиезі осы дәлелдемелерді даярлауы қажет. Өйткені, Құрылтай жиналысы дәлелсіз талап-тілекті пәлендей жер керекдегенді тыңдамайды. Екіншіден, сот ісін реттеу мәселесі. Бұл ретте қазақтың халық сотын өзгерту, қазына соты қазаққа қандай болу керектігін, шарифат қандай іске кірісіп, қандай іске кіріспеуі тиістігін жалпы сиез қаулысымен ашып алған жөн" десе, оқу мәселесіне орай қазаққа мұсылманша да, орысша да оқу керек. Бірақ, мұсылманша қалай, орысша қалай оқыған жөн? Мектеп пен медреселер ашудан басқа халыққа білім беруде қандай амалдар

істеген жөн? Қысқасы, халыққа жаппай хат таныту шараларын қарастырған мақұл"-деп көрсетті[3]. Осы аталғандардан бөлек күн тәртібіне земство мәселесі, қазақ саяси партиясын құру, Құрылтай жиналысына қатысушаларды және қабылған қаулыларға көзқарас мәселелері ұсынылды. Тарихи кезеңде баспадан шығып отырған басылым беттерінде қазақ сиезін шақыру мәселесімен қатар жоғары дәрежеде болыстық, уездік және облыстық қазақ сиездерін өткізуге мұрындық болды. Мәселен, Семей облыстық қазақ комитетінің төрағасы Р.Мәрсекөв тарапынан " 25 апрельде Семейде болатын облыстық қазақ сиезіне әр болыстан 2 өкілден шақырылатындығы және сиездің мақсаты - Учредительное собраниені түсіндіріп, сайлауларына халықты күтіндіру, қазақ халқының сельскі программасын шығару. Басқа облыстардан өкілдер шақыратындығы" белгіленілді [4].

Жалпы Б.Сыртанов шақырылатын жалпы қазақ сиезіне төмендегідей мәселелерді талқылауға ұсынды:

- 1) Отарлық саясаттың салдарынан қазақ елінен тартып алынып жатқан жерін қазақ халқына қайтарып беру және болашақта мұндай әрекеттерді тоқтату;
- 2) Мемлекеттік Думаға қазақ халқының депутаттарын сайлау;
- 3) Қазақ даласында қажет болған болыстарда діни муфтилер тағайындау;
- 4) Жергілікті халықты Ресей империясы орыстарының құқықтарымен теңеу [5].

Зерттеу барысында Уақытша Үкімет тұсындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси жағдайының өрбүтарихына қатысты ғылыми айналымға енгізілген еңбектерді және пайдаланымға жаңадан шығарылған мұрағаттық деректерді тақырыптық арнада тиімді пайдалану және тарихи тұрғыда саралау арқылы диплом жұмысына ғылыми мағына беру. Тақырып аясына қатысты барлық дегейдегі тарихнамалық-деректік базаны барынша сұрыптау және талдау арқылы дипломдық жұмысымызға енгізу және соның негізінде авторлық тұжырымдар мен пікірлерімізді ұсыну.

Қазіргі заманғы тарих ғылымында бар ой-пікірлер мен тұжырымдар шеңберінде және одан тыс қалыптағы ғылыми пайымдауларға сүйене отырып тақырыптық зерттеу нысандарына алынған мәселелер бойынша тұжырымдар жасау және оған қолданбалық сипат беру.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рүстемов С.К. XX басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық көзғалыс:тар. ғылм. канд.авторөф.- 1997.- 131б.
2. Сиез жасау //Қазақ.-1917.- 9 наурыз.- №221
3. Жалпы қазақ сиезі//Қазақ.- 1917.- 14 наурыз.-№ 234
4. Ішкі хабарлар//Қазақ.-1917.- 21сәуір .-№225
5. Өзбекұлы С. Ел жарғысының жобасын жасаған// Егеменді Қазақстан.- 1996.- 9 сәуір

ӘОЖ 93/94

### **МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ САЯСИ ФУНКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ**

**Сейдамаат Нұржан Мәлікұлы**

seidamat@list.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г. К. Ерменбаева

Адамзат қоғамында, жалпы адам өмірінде әр ғылымының орны бар. Осы ғылымдарда тарих ғылымының орны ерекше. Тарих ғылымы пайда болған кезден-ақ ол белгілі бір